

## Бабадан бізге не калган

### «Гибрат» мәдени демалыс клубы

Бүгін Шымкент қалалық арнайы кітапханада «Гибрат» мәдени демалыс клубының кездесуі болып өтті. Бүгінгі тақырып «Бабадан бізге не калган» тақырыбында жалғасын тапты. Шара барысында ата-бабамыздың ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мұрасымен тереңірек танысып, макал – мәтелдер айтылып, жұмбақ жасырылып келген оқырмандардың ойларын жан-жақты қамтып, әртүрлі тақырыптарға табан тіреп кез келген ойды аша түсті. Бұл іс-шараны кітапхана қызметкерлері Дүйсенбиева Гулбахира мен Қонырбаева Ақжарқын екеуі жүргізіп, гибратты тақырыпта оқырмандарға яғни қазыналы қарттарымыздан өткен тарихтардан сыр шертісті.

Кітапхана қызметкері Ләззат Мүсілім Шоракызы билер мен шешендер өмірінен алынған қызықты оқиғаларды мәнерлеп оқып берді. Шарада оқырмандарға бейнесұрақ ұсынылды, сұрақты тапқан оқырмандарымызға арнайы сыйлықтар табысталды. Соң соныңда оқырмандар кітапхана қызметкерлеріне ізгі тілектерін арнап, көтеріңкі көңіл күймен тарасты.



